

Аудан әкімдігінің "Мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарттары туралы" 26 мамыр 2008 жылғы № 270 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 7 шілдедегі № 228 қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаменті Түпқараған ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 14 тамызда № 11-6-99 тіркелді

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 наурыздағы № 331 «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы № 561 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және аудан әкімдігінің 25 ақпан 2009 жылғы № 85 «Түпқараған ауданы әкімдігінің құрылымы туралы» қаулыларын басшылыққа ала отырып аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігінің «Мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарттары туралы» 26 мамыр 2008 жылғы № 270 қаулысына (аудандық әділет басқармасында 09 маусым 2008 жылы № 11-6-57 болып тіркелген, «Ақкетік арайы» газетінің 2008 жылғы 17 маусым № 29-30, 24 маусым № 31-32, 1 шілде № 33, 8 шілде № 34, 21 қазан 50 - 51 сандарында жарияланған) төмендегідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

қаулыдағы және 17 қосымшадағы "Мүгедектер" деген сөздің алдынан "Жалғызділікті", сондай - ақ жалғыз тұратын қарттарға және" деген сөздермен толықтырылсын;

қаулының 1 тармағының 3 тармақшасы және 23, 25 қосымшалардағы «Түпқараған аудандық ауылшаруашылығы бөлімі» сөздері «Түпқараған аудандық ауылшаруашылық және кәсіпкерлік бөлімі» сөздерімен ауыстырылсын;

қаулы және 23 қосымшадағы "Қосалқы" деген сөздің алдынан "Жеке" деген сөзбен толықтырылсын;

24 және 27 қосымшалар алынып тасталсын;

қаулыдағы және 26, 28, 29 қосымшалардағы "рәсімдеу" деген сөз "беру" деген сөзбен ауыстырылсын;

қаулыдағы және 30 қосымшадағы "өтеусіз" деген сөз "өтемін төлеп" деген сөздермен, "рәсімдеу" деген сөз "беру" деген сөзбен ауыстырылсын;

2. Осы қаулының орындалысын бақылау аудан әкімінің орынбасарларына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С.Ө.Трұмов

« К Е Л І С І Л Д І » :

Д.О.Меңдіханов

О.Б.Жарылғапова

Д . С . Ш ү к і р б а е в а
Аудандық жұмыспен қамту және
әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бастығы
07 шілде 2009 жыл

Д . У т е б а л и е в
Аудандық ауылшаруашылық және кәсіпкерлік
б ө л і м і н і ң б а с т ы ғ ы
07 шілде 2009 жыл

Қ . А . Ш а р и п о в
Аудандық жер қатынастары бөлімінің
б а с т ы ғ ы н ы ң м . а
07 шілде 2009 жыл